

Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасы М.Е.Фрадковтың Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 28 наурыздағы N 70-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту, 2007 жылғы 29 - 30 наурызда Астана қаласында Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасы Михаил Ефимович Фрадковтың Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы:
қосымшаға сәйкес Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдасын;
сапарды өткізуге арналған шығыстарды 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Ресей Федерациясының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ Ресей Федерациясының Үкіметі Төрағасының арнайы ұшағын (бұдан әрі - арнайы ұшақ) күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, арнайы ұшақтың Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовтің атынан Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасы Михаил Ефимович Фрадковтың құрметіне ресми қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімдігі Ресей Федерациясының делегациясын қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын, Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіруді, Ресей Федерациясы делегациясының баратын жерлерінде бірге жүруді, сондай-ақ мәдени бағдарлама ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы Астана қаласының әуежайында Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасы Михаил Ефимович Фрадковты қарсы алу және шығарып салу рәсіміне қатыссын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

2 8

н а у р ы з д а ғ ы

№ 7 0 - ө ө к і м і н е

қосымша

Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелерін (1+5) Астана қаласындағы "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін Астана қаласындағы "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автомобильдерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Ресей Федерациясы ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Ресей Федерациясының ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Іс-шаралар өткізілетін орындарды гүлмен безендіру.

7. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Қ. Мәсімовтің атынан Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасы М.Е.Фрадковтың құрметіне ресми қабылдау ұйымдастыру.

8. Ресми делегация мүшелеріне және олармен бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК